

Сыздыкова Биби Ергазықызының
8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы
бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған
«Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілері»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысының
АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілерін зерттеуге арналған. Жұмыс үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде миф және мифопоэтика туралы түсінік беріледі. «Миф», «мифопоэтика», «неомифологизм» терминдері төңірегінде әлемдік және қазақ ғалымдары мен түрлі ғылыми мектеп өкілдерінің тұжырымдамалары мен көзқарастары, әдебиеттегі жаңа образдар мен сюжеттердің тууы мен дамуына миф және мифологиялық дискурстың ықпалы мен маңызы қарастырылады. Қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық дәстүрдің қалыптасуы мен дамуындағы ерекшеліктер тарихи-мәдени аспектіде қаралады. Архаикалық мифтер мен қазіргі мифопоэтикалық жүйенің байланысы анықталып, қазіргі қазақ әңгімелері негізінде салыстырмалы талдаулар жасалады.

Екінші бөлімде қазіргі әдебиеттегі мифологиялық образ және мифологиялық сюжет ұғымдары сараланады. Қазіргі қазақ әңгімелерін негізгі нысан ретінде ала отырып, жекелеген авторлардың образ жасауындағы рух-иелік мифология тудырған көптеген түсініктер, идеялар, сюжеттер мен кейіпкерлердің, яғни мифтік сана мен фольклордан келе жатқан дәстүрлі элементтердің ықпалы мен қызметі, қазіргі әдебиетте трансформациялану жолдары айқындалады. Қазақ мифологиялық кейіпкерлеріне классификация жасалады.

Диссертациялық жұмыста қазіргі қазақ әңгімелеріндегі архетиптік образдар анықталып, жіктеледі. Көркем шығармашылықтағы кеңістік пен уақыт континуумының ерекшеліктерін қарастыруда антикалық философиядан бастап, еуропалық философтардың пікірлері мен көзқарастары қамтылады. Кеңістік пен уақыт қатынастарының байланысы жаратылыстану ғылымының «хронотоп» (А.А.Ухтомский) терминімен түсіндіріліп, оны әдебиеттануға алғаш енгізген М.М.Бахтиннің теориясы жіктеледі. Қазақ ғалымдарының ішінде Б.Майтанов, А.С.Адилова, А.Б.Темірболат, Е.Тұрсынов, С.Қондыбай, Т.Есембековтердің еңбектері назарға алынады.

Үшінші бөлімде авторлық образдар мен мотивтердің жасырын мифологиясын анықтау, мифологиялық және фольклорлық көріністерді қатаң ажырату, олардың авторлық мәтіндегі өзара әрекеттесу процесін зерттеу, яғни, авторлық миф жасау жолдарының философиялық және психологиялық аспектілерін анықтау үшін психоаналитикалық, мифтік-фольклорлық-әдеби қатынастарға тарихи-салыстырмалы талдау жұмыстары жасалады. Ежелден келе жатқан ұғым-түсініктерді қамтитын мифтік элементтердің, аңыздар мен фольклорлық шығармашылықтың автор интерпретациясындағы

трансформациялау динамикасы айқындалады. Автордың көркем мифологиялық кеңістігінен орын алған жаңа мифопоэтикалық форманың қалыптасуына сыртқы мәдени факторлардың ықпалы анықталып, авторлық соны тұжырымдар жасалады. Сол арқылы авторлық миф конструкциясындағы жазушылардың (М.Мағауин, А.Алтай, Д.Рамазан, Қ.Мұбарак, т.б.) стильдік ерекшеліктері айқындалады. Білім алушылардың фантазиясын, логикалық, концептуалдық ойлау қабілеттерін дамытудағы мифологиялық ойлау тәсілінің ықпалы мен тиімділігі қаралады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Мифологиялық дәстүр түркі, оның ішінде қазақ әдебиетінің ілкі кезеңдерінен бастап ерекше маңызға ие болды. Өйткені жазу-сызу болмаған кезде фольклор мен эпикалық дәстүрлер әлемдік көркем ойлау үрдістерімен қатар дамудың негізгі бастауы болды. Мифтік сюжеттер мен мотивтерге жүгіне отырып, тың поэтикалық ізденістерге бару қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы кезеңіне тән құбылыс. Мифологиялық ойлау жекелеген авторларға әлеуметтік-тарихи және кеңістік-уақыттық шекарадан асуға таптырмас мүмкіндік туғызды. Мифті қолданушылар ежелгі мифтерді негіз ретінде алып, оған өздерінше поэтикалық мағына үстеді. Қазақ әдебиетінде де поэзиядан бастау алып, кейін прозада маңызды көркемдік тәсілге айналған мифопоэтикалық формалар түрлене түсті.

«Мифопоэтика» – жекелеген авторлардың шығармаларындағы мифологиялық образдар мен сюжеттерді және оның құрылымын (мотивтер, аллюзия мен реминисценция), сонымен қатар, жазушының меңгерген жеке мифологемалары немесе архетиптерін ғана емес, тұтас ғаламдық моделі мен мифтік санасын зерттейтін поэтика бөлімі. Қазақ әдебиетіндегі бай фольклорлық-мифологиялық контекст, ондағы архетиптердің, мифологемалардың, бинарлық оппозициялардың, мифтік құрылымдылықтың болуы қазіргі заманғы шығармаларды жүйелі зерттеуді тереңдету, тарихи әдеби талдаудан бөлек, психоаналитикалық, құрылымдық-семиотикалық, салттық-функционалдық және т.б. көзқарас тұрғысынан қарау қажеттілігін тудырады.

Қазіргі көркем шығармалардың фольклорлық-мифологиялық контекстін және оның мифопоэтикасын жан-жақты зерттеу, мифологиялық құрылымдар мен архетиптердің терең қабаттарын анықтау, оның бейсаналылық көрінісі мен автордың мифологияға саналы көзқарасынан ажырату – бүгінгі әдебиеттану ғылымының ауқымды мәселесі. Сондай-ақ, архетиптер негізінде образдарды жүйелеу және оларды мәтінде қолдану жолдарын анықтау арқылы автордың стилі мен ойлауының, дәстүрлі элементтердің өзгеру принциптерін және фольклорлық мифологиялық образдарды, мотивтерді, сюжеттерді шығармашылық игерудің заңдылықтарын айқындау **зерттеу жұмысының өзектілігі** болып табылады.

Жоғарыда аталған тәсілдердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мифология мен әдебиет арақатынасын жан-жақты зерттеу қажеттілігі айқын. Бұл миф пен көркем мәтіннің байланысын айқындап қана қоймай, әр жағдайда мифопоэтика деңгейлерін ажыратады, мифтің көркем мәтін

мазмұны мен құрылымындағы функционалды маңыздылығын ашып көрсетеді.

Зерттеу нысаны. Қазіргі қазақ әңгімелері.

Зерттеу пәні. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілері.

Зерттеудің мақсаты. Фольклорлық-мифологиялық сюжеттер мен мотивтерді назарға ала отырып, олардың қазіргі қазақ әңгімелеріндегі авторлық интертекстуалдылығын, трансформациясын анықтау және соның негізінде миф-фольклор-әдебиет байланысының көркемдік, мифопоэтикалық аспектілерін зерттеу.

Зерттеудің болжамы. Қазіргі қазақ прозасындағы, соның ішінде шағын проза жанрындағы мифопоэтика – тәуелсіздік алғаннан кейін өзгерген ұлт санасын бейнелеудің көркем тұжырымдамасы. Қазақ әдебиетінде (прозасында) мәтіннің барлық мазмұндық-құрылымдық деңгейлерінде көркемдік қызмет атқаратын және авторлық мифологизмнің (неомифтің) пайда болуына ықпал ететін мифопоэтикалық жүйе қалыптасады.

Зерттеудің міндеттері:

- миф және мифопоэтика ұғымдарына тарихи-мәдени, философиялық, психологиялық, лингвистикалық, әлеуметтік және т.б. тұрғыдан анықтама беру;

- әдебиеттанудағы миф және мифологиялық дискурстың қолдану ерекшеліктеріне теориялық тұрғыда баға беру;

- қазіргі әдебиет пен архаикалық мифтердің құрылымдық және тақырыптық байланысын анықтау;

- қазақ прозасындағы мифопоэтикалық дәстүр сабақтастығын айқындау;

- қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифологиялық образдар, сюжет пен мотивтерді, архетиптерді, мифологемаларды анықтау және жіктеу;

- ғаламның мифопоэтикалық бейнесінің параметрлерін және оның негізгі заңдылықтарын жүйелі зерттеп, сипаттау және оларды мәдени-тарихи контекст тұрғысынан талдау;

- қазіргі қазақ әңгімелеріндегі кеңістік-уақыт континуумы ерекшеліктерін мифопоэтикалық аспект ретінде талдау;

- қазақ әдебиетіндегі авторлық неомифтің қалыптасу жолдарын ғылыми саралау;

- постмодернистік әдебиеттегі «мифтендіру» тәсілдерін анықтау және жан-жақты сипаттама беру;

- көркем шығарманы оқытуда мифопоэтикалық талдау әдістерін қолдану жолдарын көрсету.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1) Диссертациялық жұмыста бұрын соңды қарастырылмаған келесі мәселелер зерттеліп, анықталды:

- қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифологизмнің авторлық кеңістікте дамуы мен өзгеріске ұшырау жолдары;

- ғаламның мифопоэтикалық бейнесінің параметрлері мен оның негізгі заңдылықтары;

- қазіргі әңгіме жанрындағы кеңістік-уақыт континуумының авторлық образ жасаудағы рөлі;

2) Көркем шығарманы, соның ішінде қазіргі қазақ прозасын мифопоэтикалық талдау әдістерін оқу үдерісіне енгізудің тиімділігі туралы алғашқы рет теориялық негіздемелер жасалды.

Зерттеу әдістері. Салыстырмалы-салғастырмалы талдау көмегімен қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифологиялық, фольклорлық сюжеттер мен түрлі мифтік элементтерді интерпретациялаудың ерекшеліктері анықталады. Тарихи-типологиялық әдіс арқылы қазіргі мәтіндердегі мифтің өзгеру заңдылықтары зерттеледі. Мифологиялық образдарды, архетиптерді, мифологемаларды және оларды авторлық жүйеде жинақтап талдау үшін мифологизмді жіктеудің генетикалық, бейнелі ассоциативті, құрылымдық әдістері, сондай-ақ, миф жасау мәселесінің философиялық және психологиялық қырларын анықтау үшін психоаналитикалық және ішінара когнитивті әдебиеттану әдістерін қамтитын салыстырмалы-талдау, эксперименттік әдістер пайдаланылады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. «Миф» және «мифопоэтика» ұғымдарының байланысы мен ерекшеліктерін анықтауда теориялық, пәнаралық талдау жасалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Диссертациялық жұмыс жоғарғы оқу орындарында «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы», «XX ғасырдың екінші жартысындағы және қазіргі қазақ әдебиеті» пәндеріне көмекші құрал ретінде, колледждер мен мектептерде жүргізілетін арнайы курстарды жүргізу барысында, көркем шығарманы талдау кезінде, сондай-ақ, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында қосымша материал ретінде қолдана алады.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдамалары:

1. Миф – қоғам мен жаратылыс, дін және өнер туралы ғылыми идеялардың бірлігі болып табылады.

2. Кез келген мәдени-тарихи кезең қоғамда өзінің мифтерін қалыптастырады және насихаттайды, ескі мифтерді жоққа шығарып, орнына жаңасын әкеледі. Әсіресе мұндай өзгерістер әлеуметтік-саяси сферада өзекті болып табылады.

3. Әдебиеттегі мифологиялық дискурсқа тән ерекшелік – әртүрлі мәдени, әдеби, діни мифтерді (сюжеттер, бейнелер, мотивтер) біріктіру. Бұл әдебиет үшін өте маңызды, өйткені ол шығармалардың уақыт пен кеңістіктік шеңберін кеңейтеді, жаңа жанрлық модификациялардың, стильдеулердің, сюжеттік қозғалыстардың дамуына серпін береді. Мұндай үрдіс қазіргі қазақ прозасының жанрларынан да көрініс табады.

4. Қазақтың байырғы дүниетанымымен тікелей байланысын сақтайтын «түс көру», «ғажайып туу», «бақсылық», «құбылушылық», «қайта оралу», «ғаламның жаралуы» сияқты т.б. мотивтер мен тотемдік, архетиптік образдар қазіргі қазақ әңгімелерінде ұлт мәдениетінің символдық жүйесінің көрінісі ретінде жүзеге асырылады.

5. Архетиптер негізінде образдарды жүйелеу және оларды мәтінде жүзеге асыру жолдарын белгілеу уақыт өте келе автордың стилі мен ойлауының, дәстүрлі элементтердің өзгеру принциптерін және фольклорлық-мифологиялық бейнелерді, мотивтерді, сюжеттерді шығармашылық игерудің заңдылықтарын байқауға мүмкіндік береді.

6. Көркем шығармаларға мифопәтикалық талдау жасата отырып оқыту білім алушыларға жаһандық мәселелерге сыни көзқарас қалыптастырып, ауқымды ойлауға үйретеді.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен талқылануы:

Scopus базасында:

1) Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Bakhtiniana, Rev. Estud. Discurso 18 (04) 2023 <https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680>

ҚР ҒЖБМ БҒСҚК базасында:

1) Қазіргі қазақ прозасындағы мифтің поэтикалық қызметі // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №4(96)/2019. – Б. 48-53.

2) Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі «періге ғашық болу» мотиві // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №2 (106)/2022. – Б. 117-124.

3) National literature of the post-socialist realism era // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №1 (109)/2023. – Б. 123-131.

4) The concept of archetype in literature and Jungs theories // Астана қаласы. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. Филология сериясы. – №3 /2023. – Б. 172-183.

5) Қазақ әдебиетіндегі ағаш культі // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. - №4 (112)/2023. – Б. 151-159.

Халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, шетелдік басылымдарда жарияланған мақалалар тізімі:

1) Литературные связи в формировании казахской прозы // Актуальные научные исследования в современном мире: Сборник научных трудов. Выпуск 5(61). Часть 8 – Украина. Переяслав-Хмельницкий, 2020. – Б. 132-138.

2) Ғаламның тілдік бейнесіндегі «бәйтерек» концепті // Актуальные научные исследования в современном мире: Сборник научных трудов. Выпуск 5(61). Часть 8 – Украина. Переяслав-Хмельницкий, 2020. – Б. 163-167.

3) Study typology of the plot (Based on mythical legends) // Актуальные научные исследования в современном мире: Сборник научных трудов. Выпуск 8(76). Часть 1 – Украина. Переяслав-Хмельницкий, 2021. – Б. 21-26.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен және қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.